

"Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 26 маусымдағы № 180-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 маусымда № 39136 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20744 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН
:";

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтарға/сыныптарға) қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны ұсыну тәртібін айқындайды.";

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүгінеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы "Отбасы" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өңдеуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының Порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық сұрау салудың мәртебесі және психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру күні туралы хабарлама жібереді."

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі Порталда тіркелген жағдайда проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оған мыналар кіреді:

1) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберу;

2) көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді алу.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.

Қабылдауға көрсетілетін қызметті алушы eGov Mobile қосымшасындағы Bilim сервисі арқылы жазылады. Сәтті жазылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға қабылдаудан бір күн бұрын және қабылдау күні еске салумен күні расталған смс-хабарлама жіберіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруден кейін көрсетілетін қызметті берушінің мамандары ұсынылатын білім беру, медициналық және әлеуметтік

қызметтер, білім беру бағдарламасының түрі көрсетілген жазбаша қорытынды әзірлейді, мәліметтер "Ұлттық білім беру дерекқоры" цифрлық жүйесіндегі ПМПК модуліне енгізіледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық- коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрықпен бекітілген "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны ұсыну тәртібін айқындайды.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүгінеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы "Отбасы" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өңдеуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының Порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

11 және 11-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық- коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

11-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі Порталда тіркелген жағдайда проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оған мыналар кіреді:

1) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберу;

2) көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді алу.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін

қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны ұсыну тәртібін айқындайды.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүгінеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы "Білім беру" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өңдеуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының Порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны немесе осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас туралы дәлелді жауап жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

7-1 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі Порталда тіркелген жағдайда проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оған мыналар кіреді:

1) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберу;

2) көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді алу.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы

ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық- коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына (арнайы топтар/сыныптар) қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны ұсыну тәртібін айқындайды.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы және (немесе) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – Портал) жүгінеді."

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы "Білім беру" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өңдеуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының Порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны жібереді не осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық- коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі Порталда тіркелген жағдайда проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оған мыналар кіреді:

1) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберу;

2) көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді алу.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының тоғызыншы, оныншы, он төртінші, он бесінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, отыз жетінші, елу бесінші, жетпіс екінші, абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. 2026 жылғы 12 шілдеден бастап:

осы бұйрықтың 1-тармағының он жетінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, отыз үшінші, отыз тоғызыншы, қыркыншы, қырық бірінші, елу бірінші, елу жетінші, алпыс бірінші, алпыс екінші, алпыс сегізінші, жетпіс төртінші, жетпіс бесінші, жетпіс алтыншы абзацтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"7-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі Порталда тіркелген жағдайда проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оған мыналар кіреді:";

"13. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

"Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкімет" операторына және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүгінеді.";

"11. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкімет" операторына және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

"11-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі Порталда тіркелген жағдайда проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оған мыналар кіреді:";

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүгінеді.";

"7-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі Порталда тіркелген жағдайда проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оған мыналар кіреді:";

"8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкімет" операторына және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы және (немесе) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – Портал) жүгінеді.";

"9. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкімет" операторына және көрсетілетін қызметті берушіге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

"10. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі Порталда тіркелген жағдайда проактивті тәсілмен көрсетілуі мүмкін және оған мыналар кіреді:";

осы бұйрыққа 1, 3, 5 және 6-қосымшалар осы бұйрыққа 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы

Ш. Акпарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жасанды интеллект және цифрлық

даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 26 маусымдағы
№ 180-НҚ Бұйрыққа
1-қосымша
"Мүмкіндіктері шектеулі
балаларды психологиялық-
медициналық-педагогикалық
тексеру және оларға
консультациялық көмек
көрсету" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
2-қосымша

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлері (бар болса) көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал); 3) Порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік құрылғысы.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті алу үшін кезекте күту уақыты отыз күнтізбелік күнге дейін құрайды. Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру күні жүгінген күні белгіленеді. Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минутан аспайды. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды.

5.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) Қағаз түрінде/проактивті түрде
6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 4 және 6-қосымшаларға сәйкес қорытынды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады. Проактивті түрде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру қорытындысының дайын болғаны және eGov Mobile қосымшасының Bilim сервисінде сақталатыны туралы хабарлама болып табылады.
7.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері	Тегін.
8.	Жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда дүйсенбі – жұма аралығында көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесі бойынша сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. Портал/Порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері өтініш жасаған жағдайда

		Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және " Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес өтініштер қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүгінген кезде: 1) баланың жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет); 2) мүгедектігі туралы қорытынды (бар болса); 3) денсаулығына байланысты үйде оқыту қажеттілігі туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы (үйде оқитын балалар үшін) (бар болса). Қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші тереңінен тексеру үшін мынадай құжаттарды қосымша сұратады: 1) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген "Амбулаториялық науқастың медициналық картасы" № 052/е нысаны; 2) білім беру ұйымынан психологиялық-педагогикалық мінездеме; 3) оқыту тілі бойынша, математикадан жазба жұмыстары, суреттері және іс-әрекетінің басқа да нәтижелері. 1), 2) тармақшалардағы құжаттар түпнұсқада және көшірме түрінде ұсынылады, салыстырылған соң түпнұсқа көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

Портал арқылы жүгінген кезде:

- 1) "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) мәліметтер болмаған жағдайда не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда баланың туу туралы куәлігінің электронды көшірмесі;
- 2) мүгедектігі туралы қорытынды (бар болса);
- 3) денсаулығына байланысты үйде оқыту қажеттілігі туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы (үйде оқитын балалардың статистикалық есебі үшін) (бар болса).

Қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші тереңінен тексеру үшін мынадай құжаттарды қосымша сұратады:

- 1) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 052/е нысанды "Амбулаториялық науқастың медициналық картасы";
- 2) білім беру ұйымынан психологиялық-педагогикалық мінездеме;
- 3) оқыту тілі бойынша, математикадан жазба жұмыстары, суреттері және іс-әрекетінің басқа да нәтижелері.

Резидент болып табылмайтындарға:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүгінген кезде:

- 1) баланың жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 2) ата-анасының бірінің (заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

3) мүгедектігі туралы қорытынды (бар болса);

4) денсаулығына байланысты үйде оқыту қажеттілігі туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы (үйде оқитын балалардың статистикалық есебі үшін) (бар болса).

1), 2) және 3) тармақшалардағы құжаттар түпнұсқада және көшірме түрінде көрсетіледі, салыстырылған соң түпнұсқа көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Портал арқылы жүгінген кезде:

1) баланың жеке басын куәландыратын құжаттың электронды көшірмесі;

2) ата-анасының бірінің (заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаттың электронды көшірмесі;

3) мүгедектігі туралы қорытындының электронды көшірмесі (бар болса);

4) денсаулығына байланысты үйде оқыту қажеттілігі туралы дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының электронды көшірмесі (үйде оқитын балалардың статистикалық есебі үшін) (бар болса).

Қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші тереңінен тексеру үшін мынадай құжаттарды қосымша сұратады:

1) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 052/е нысанды "Амбулаториялық науқастың медициналық картасы";

		2) білім беру ұйымынан психологиялық-педагогикалық мінездеме; 3) оқыту тілі бойынша, математикадан жазба жұмыстары, суреттері және іс-әрекетінің басқа да нәтижелері. Баланың жеке басын куәландыратын құжатты, мүгедектігі туралы мәліметтерді, дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысын көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.
10.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталған жағдайда; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен ақпараттың, мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті мәліметтердің, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптардың сәйкес келмеуі. 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан

		Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін келісімінің болмауы.
11.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және жағдайы туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығы, сонымен қатар Порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы проактивті түрде алу мүмкіндігіне ие. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 26 маусымдағы
№ 180-НҚ бұйрыққа
2-қосымша
"Мүмкіндіктері шектеулі
балаларды психологиялық-
медициналық-педагогикалық
тексеру және оларға
консультациялық көмек
көрсету" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

(Көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда))

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжатты қабылдаудан бас тарту туралы ХАБАРЛАМА

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

(көрсетілетін қызметті беруші ұйымының атауы)

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсетудің негізі талаптар тізбесіне сәйкес

(бас тарту себебі)

байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін құжаттар қабылдаудан бас тартады.

Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Телефон: _____

Күні: _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 26 маусымдағы
№ 180-НҚ Бұйрыққа
3-қосымша
"Дамуында проблемалары
бар балалар мен жасөспірімдерді
оңалту және әлеуметтік
бейімдеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
1-қосымша

"Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары, аутизм (аутистік спектр бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталықтары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлері (бар болса) көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал); 3) Порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік құрылғысы.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) қызмет көрсету мерзімі – 90 күнтізбелік күннен 365 күнтізбелік күнге дейін; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды;

		3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) Қағаз түрінде/проактивті түрде
6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары – "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету Қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама; аутизмі (аутистік спектр бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталықтары - қалыптасқан дағдыларды бекіту және үйде жаңа дағдыларды қалыптастыру үшін Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) ұсыныстары бар анықтама; мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады және сақталады. Проактивті түрде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі анықтаманың дайын болғаны және eGov Mobile қосымшасының Bilim сервисінде сақталатыны туралы хабарлама болып табылады.
7.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері	Тегін.
		Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін жүзеге асырылады. Өтініш қабылдау

8.	Жұмыс кестесі	және нәтижесін беру сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады. Портал/Порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және " Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының заңының 5-бабына сәйкес өтініштер қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
9.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүгінген кезде: 1) баланың ата-анасының (заңды өкілінің) еркін нысандағы өтініші; 2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы. Портал арқылы жүгінген кезде: 1) баланың ата-анасының (заңды өкілінің) еркін нысандағы өтініші; 2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы. Резидент болып табылмайтындарға: көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүгінген кезде: 1) баланың ата-анасының (заңды өкілінің) еркін нысандағы өтініші; 2) баланың жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет); 3) ата-анасының бірінің (заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет); 4) психологиялық-медициналық-пед

	алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	агогикалық консультация қорытындысы. Портал арқылы жүгінген кезде: 1) баланың ата-анасының (заңды өкілінің) еркін нысандағы өтініші; 2) баланың жеке басын куәландыратын құжатының электронды көшірмесі; 3) ата-анасының бірінің (заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжатының электронды көшірмесі; 4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.
10.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталған жағдайда; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен ақпараттың, мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті мәліметтердің, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптардың сәйкес келмеуі. 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына

		сәйкес берілетін келісімінің болмауы.
11.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және жағдайы туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығы, сонымен қатар Порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы проактивті түрде алу мүмкіндігіне ие. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 26 маусымдағы
№ 180-НҚ бұйрыққа
4-қосымша
"Дамуында проблемалары
бар балалар мен жасөспірімдерді
оңалту және әлеуметтік
бейімдеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет қағидасына
3-қосымша
Нысан

көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда),
мекенжайы

Құжатты қабылдаудан бас тарту туралы ХАБАРЛАМА

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармақшасын басшылыққа ала
отырып,

(көрсетілетін қызметті беруші ұйымның атауы)

(бас тарту себебі)

байланысты "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және

әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету үшін құжаттар қабылдаудан бас тартады.

Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Телефон: _____

Күні: _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 26 маусымдағы
№ 180-НҚ Бұйрыққа
5-қосымша

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы
орта білім беру ұйымдарына
денсаулығына байланысты ұзақ
уақыт бойы бара алмайтын
балаларды үйде жеке тегін
оқытуды ұйымдастыру үшін
құжаттар қабылдау"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидасына
1-қосымша

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
